

**Кодекс Алиментариус мәселелері жөніндегі ведомствоаралық
үйлестіру кеңесінің отырысының хаттамасы**
(Онлайн форматта)

Астана қ.

№7

2022 ж. 23.12., 10.00

Төрағалық еткен: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті төрағасының орынбасары М.Т.Рақымжанова

Қатысқандар: (тізім беріледі).

Күн тәртібі:

1. 2022 жылдың IV тоқсанда атқарылған жұмыс бойын Кодекс Алиментариус комиссиясына ФАО/ДДҰ Еуропалық үйлестіру комитетінің үйлестірушісінің есебі - м.ғ.д., профессор Н.М. Қарсыбекова
2. Кодекс комитеттеріндегі ұлттық сарапшылармен жұмыс туралы есеп. Табыстар, алынған сабақтар - тағам гигиенасы бойынша сарапшы PhD Толысбаева Ж.Т.
3. Кодекс комитеттері шеңберінде ұлттық сарапшылармен жұмыс туралы есеп. Жетістіктер, алынған сабақтар – ветеринария/фитосанитария маманы Шарипов З.Ш.
4. Кодекс Алиментариус тобының 2023-2025 жылдарға арналған жұмысының болашағы - «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ Республикалық мемлекеттік Кәсіпорнының Стратегиялық даму Департаментінің директоры Әлжанов Е.Б.
5. Әртүрлі.

Төраға:

Ведомствоаралық үйлестіру кеңесінің мүшелерімен амандасты. Отырыстың күн тәртібі бекітілді.

1. Баяндамашы, м.ғ.д., профессор Н.М. Қарсыбекова Кодекс Алиментариус тобының 4-тоқсандағы (2022 ж. қазан-желтоқсан) қызметі туралы есеп бойынша сөз сөйледі. Кеңес мүшелері КАТ-ның Бюромен және Комиссия хатшылығымен жұмысы, Трасттік қор жобасы бойынша серіктестермен және мүдделі тараптармен кеңестер мен іс-шаралар туралы ақпараттандырылды.
2. Тағам гигиенасының сарапшысы Ж.Т. Толысбаева ұлттық сарапшылардың рөлі мен маңыздылығы және атқарылған жұмыстар, Кодекс Алиментариус жұмыс тақырыбы бойынша ұлттық сарапшылар арасында жүргізілген сауалнаманың нәтижелері мен қорытындылары туралы ақпаратты ұсынды.
3. Ветеринария/фитосанитариялық сарапшысы З.Ш. Шарипов тиісті Кодекс комитеттері шеңберінде сарапшылармен жұмыс туралы баяндады: тамақ өнімдеріндегі ветеринариялық препараттардың қалдықтары жөніндегі комитеттің чатын құру және жүргізу, құжаттарды талқылау, жұмыс кеңестерін өткізу.
4. «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ Республикалық мемлекеттік Кәсіпорнының Стратегиялық даму Департаментінің директоры Е.Б. Әлжанов Кодекс Алиментариус тобының 2023-2025 жылдарға арналған жұмысының көрінісін ұсынды. Халықаралық ынтымақтастық секторында функционалдық мүмкіндіктерін кеңейте отырып, жұмыс істеу үшін топты Кәсіпорынның штатына қосу жоспарлануда.

Баяндамашылардың ақпаратын ескеріп, мыналарды ұсыну туралы шешім қабылданды:

1. Кодекс Алиментариус тобы:
 - 1.1 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің СЭБК-не тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы ұлттық сарапшылардың

ресми тізілімін құру туралы ұсыныс енгізу. Белгілі бір салада сарапшылар болмаған жағдайда, тиісті кандидатураларды даярлау және кәсіби өсу шараларын қарастыру.

1.2 Орталықтың сарапшылар талдаушылар тобымен жұмыс шеңберінде ҚР Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Техникалық реттеуді үйлестіру орталығымен ынтымақтастықты дамыту.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, ҚР Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетіне, «Атамекен» ҰКП мүдделі болып табылатын Кодекстің тиісті комитеттерін қайта қарау туралы Ведомствоаралық Кеңестің келесі отырысында ұсыныс енгізсін.

3. «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетіне 26.10.2022 жылғы No 734 хатына жауап ретінде Кодекс Алиментариус тобы бойынша ресми жауап ұсынсын.

Басқарма төрағасы



М. Рақымжанова

Хатшысы



Ж. Толысбаева

**Кодекс Алиментариус комиссиясының ведомствоаралық үйлестіру
кеңесінің отырысына қатысушылардың тізімі**

2022 жылғы 23 желтоқсан

№	Аты-жөні, лауазымы
1	М.Т.Рақымжанова - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті төрағасының орынбасары
2	Д.К. Қасқатаева - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің Азық-түлік өнімдерінің техникалық регламенттерін бақылау департаментінің басшысы
3	Г. Қ. Есдәулетова - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің Азық-түлік тауарларына техникалық регламенттерді бақылау басқармасының бас сарапшысы
4	Ә.А. Қажыбаева А.А. - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің Азық-түлік тауарларына техникалық регламенттерді бақылау басқармасының бас сарапшысы
5	А.А. Раззаренов - Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Техникалық реттеу жөніндегі үйлестіру орталығы басшысының орынбасары
6	Т.П. Ударцева - Қазақ тағамтану академиясының тамақтану роблемалары институты, «Астана медицина университеті» КЕАҚ профилактикалық медицина және тамақтану кафедрасының профессоры
7	Б.С. Майқанов - С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті Ветеринариялық санитария кафедрасының профессоры
8	Л.Т. Өутелеева - С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті Ветеринарлық санитария кафедрасының аға оқытушысы
9	Ю.А. Синявский - «Қазақ тағамтану академиясы» ЖШС вице-президенті

10	Шарипбаева А.Ш. - «Қазақ тағамтану академиясы» ЖШС жетекші маманы
11	Е.Б. Әлжанов - «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖК Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының стратегиялық даму департаментінің директоры
12	Б.У. Байхожаева – т.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Стандарттау және сертификаттау» кафедрасының меңгерушісі
13	В.В. Лопухин – «Органикалық егіншілік қауымдастығы» республикалық қоғамдық бірлестігінің атқарушы директоры
14	Н.М. Қарсыбекова - профессор, д.м.н.
15	Толысбаева Ж.Т. – Кодекс Алиментариус тобының тағам гигиенасының сарапшысы, Кодекс Алиментариус комиссиясының ведомствоаралық үйлестіру кеңесінің хатшысы
16	З.Ф. Шарипов - Кодекс Алиментариус тобының ветеринариялық және фитосанитарлық сарапшысы